Даңқты тұлға Асқар ағай

Туған жерінде толассыз қызмет жасап, абыроймен аса бір құрметке ие болған, Меңдіқара ауданының сыйлы азаматы – Асқар Қожағалиев. Краснопреснен кеңшары, Лоба ауылында дүниеге келген азамат, 13 жасынан еңбекке араласқан көрінеді. Механизатор, электрик, жүргізуші, агроном болып қызмет жасаған Асқар ағамыздың еңбегі жанып, 1968 жылы Мәскеу қаласына бүкіл одақтық съезге (ВДНХ-ға), 1969 жылы бүкіл одақтық комсомолдар Пленумына қатысып, делегат болып та сайланған. Кейінгі жылдары зор еңбегінің арқасында Венгрия, Югославия қалаларына жолдамамен барып қайтса, 1976-1979 жылдар арлығында «Шын жүректен», «Көгілдір от» бағдарламаларына түсіріледі. Талай мәрте аудандық, облыстық конференцияларға шақырту алып, облыстық және аудандық кеңестерінің депутаты болып сайланады.

«Еңбегіне қарай өнбегі» деген қағиданы ұстанған ағамыздың ұзақ жылғы адал еңбегі бағаланып, 1971 жылы «Еңбек қызыл ту» орденімен, ал 1973 жылы «Ленин» ордендерімен марапатталады. Асқар ағамыздың еңбек жолында алған медальдарының санын айтпаса да, оқырман қауымға түсінікті шығар. «Еңбек даңқы» ордеінімен қоса, толассыз еңбектің арқасында заттай сыйлықтар да алған көрінеді. 1971-1976 жылдар аралығында орталық комитет, ауыл шаруашылығы министрлігі атынан Социалистік жарыстың жеңімпазы белгісімен, қаржылай сыйлықтармен де марапатталған екен. Бүгінгі таңда Асқар ағайдың есімі облыстық «Еңбек Даңқы кітабында» тіркелген. Бұл қажырлы еңбек еткен даңқты тұлғамыздың еңбегінің бағаланғаны деп білемін.

«Жақсы адам елдің ырысы, жақсы жер жанның тынысы» дегендей, Асқар ағамыз жүрегінде иманы бар, беделі биік азамат екені сөзсіз. Өмірлік серігі Бақытжамал апайымызбен, бейнеттерінің зейнетін көріп отырған асыл жандар. 4 ұл, 1 қызды тәрбиелеп, перзенттеріне жоғарғы білім берген ата-ана, ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерінің қызығын тамашалап отырған ата-әже. Тіл-көзден сақтасын, «тәрбие тал бесіктен» демекші, балалары тәрбиелі, инабатты, өте кішіпейіл жандар. Әрине, Асқар ағамыз сияқты тұлғадан тәрбие алған балалар осындай болуы керек.

Дәнді теңіздей сапырып, елдің ырысын асырған азаматтың еңбегі ұмыт болмасын, кейінгі жастар біліп жүрсін деген ниетпенен Асқар ағамыздың еңбегін қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. Бұл кісіге мың мәрте басымды иіп, отбасына амандық, ұзақ ғұмыр тілеймін.